

**«Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және болдырмау»
тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелдің**

Х А Т Т А М А С Ы

17.04.2024 жыл. Қызылорда қаласы

Қатысқандар: Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің әкімшілігі және мұғалімдер мен сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі басшысымен 2024 жылы 01 сәуірдегі №11 тапсырмалық хаттамасының 2.7. тармағында көрсетілген жұмыс жоспары мен Қызылорда облысының білім басқармасының хаттамалық тапсырмасын орындау мақсатында Т.Есетов «№264 мектеп-лицейі» КММ-де мектеп бітіру кештері мен ата-аналар тарапынан сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алуға сәйкес жиынының өткізілуі

Тыңдалды:

1.Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орасарлары Г.Бексейтова, О.Маденова және А.Давлетова тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Абдигапбаров пен Г.Киымов өз сөзінде кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселе екеніне тоқталып, сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі екені айтылды. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әр салада жүзеге асырылуда. Дегенмен, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет деп сөзін қорытындылады.

Мектеп директоры Б.Тумурзаев, сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында мектепшілік жоспар құрылып, жұмыстар атқарылып жатқандығын жеткізді.

Оқушылар мен ұстаздар арасында түрлі сайыстар мен құқықтық сағаттар жиі өткізіліп отырады. Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша үнемі ата –аналар тарапынан да қаржы жинау фактілерінің орын алмауы үшін қатаң түсіндірме және ақпараттандыру жұмыстары жүргізіліп отырады.

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі басшысымен бекітілген 2024 жылғы жұмыс жоспары мен Қызылорда облысының білім басқармасының хаттамалық тапсырмасын орындау тақырыбындағы барлық мәселелер білім ордасында жан-жақты талқыланып шешіліп келе жатқанын жеткізді.

Қаулы етеді:

1.Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 2024 жылғы жұмыс жоспары мен Қызылорда облысының білім басқармасының хаттамалық тапсырмасын орындау сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алу бойынша жұмыстар үнемі бақылауға алынып, Заң талабына сәйкес жүргізілсін.

Төраға

Б.С.Тумурзаев

Хатшы

Г.Ш.Бексейтова

